

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

- әлеуметтік жобаларды қолдау үшін қаржы институттарын енгізу.

Әдебиеттер

1 Джилл Кикал, Томас Лайонс. Социальное предпринимательство: миссия – сделать мир лучше. Understanding Entrepreneurship. The Relentless Pursuit of Mission in an Ever Changing World. — М.: Альпина Паблишер, 2014. — 304 с. — ISBN 978-5-9614-4458-2.

2 Арай Ю. Н. Социальное предпринимательство в начале XXI века: основные понятия и страновые особенности / Ю. Н. Арай // Российский журнал менеджмента. - 2013. - № 1. - С. 111-130.

3 <http://atyrau.palata.kz/kk/news/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аймұрза А.М.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Нарымбетова А.Ж.

Инвестицияларды дұрыс басқара білу кәсіпорынның экономикалық тиімділігіне, қаржылық тұрақтылығына, оның өз бизнес саласындағы өміршеңдігіне айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан да, инвестициялық қызметті басқару кәсіпорындағы қаржы менеджментінің маңызды да жауапты міндеттерінің бірі болып табылады.

Инвестицияларды басқарудың құрамына келесілер кіреді:

- инвестицияларды мемлекеттік деңгейде басқару – бұл инвестициялық қызметті заңды түрде реттеуді, бақылауды және ынталандыруды қажет етеді;

- жеке инвестициялық жобаларды басқару – бұл қазіргі заман талаптарына сай әдістер мен басқару техникасын қолдану арқылы инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтиды;

- жеке кәсіпорынның инвестициялық қызметін басқару – бұл кәсіпорын тарапынан инвестициялау объектілерін таңдаумен және инвестиция барысын бақылаумен сипатталады.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының қайта құрылуының қоры жайлы» Заңы өз күшін жоғалтып, жойылса да, өзінің өтпелі «көпір» ретіндегі рөлін атқарған болатын. Нарықтық шаруашылық кезінде реттеуші рөлін «сұраныс-ұсыныс» принципі атқарса да, өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен спецификасы бар. Әсіресе Қазақстан экономикасы үшін инвестициялық процесті қаржыландыру көзінің ішінде біршама маңызы бар көздер – бюджеттік ассигнациялар, бюджеттен тыс қор, Үкімет кепілімен сыртқы қарыз алу, инвестициялық процеске мемлекеттің араласуын керек етеді. Бұл мақсатта

Қазақстан Республикасы экономикасында, соның ішінде инвестициялық салада белсенді құрылымдық қайта құрулар бойынша арнайы курс қабылданды. Капитал салудың үстінен келіп түсетін директивті-жоспарлы көрсеткіштердің орнына Қазақстан Республикасының Жарлығы деңгейінде тікелей отандық және шетел капиталын тарту үшін экономиканың приоритетті секторларының тізімі, ал республика Үкіметімен жыл сайын айқын инвестициялық объектілерінің тізімі тағайындалып отырады.

Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған инвестициялық саясат келесідей жүзеге асады:

- Инвестициялық бағдарламаларға сай;
- Мемлекеттік инвестицияларды, бюджеттік ассигнациялауды және бюджеттен тыс қорларды тікелей басқарумен;
- Дифференциалданған проценттік ставкалар мен жеңілдіктердің енгізілуі арқылы;
- Экономиканың шынайы жағдайына қарай (бұрынғыдай «жеті ағайынға жеті тұлпардан» деген принцип бойынша емес, себебі соның нәтижесінде аяқталмаған құрылыстың өсуі, капитал салудың тоқтауы белең алған) өлшенген қаржылық, бағалық және несиелік саясаттың жүргізілуімен;

- Инвестициялық жобаларды анализдеумен.

Мемлекетаралық масштабтағы құрылымдық-инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары:

- Экономиканың мемлекетаралық интеграциясы (Еуразиялық одаққа ену);
- Инвестициялық саясатты жүргізу мен жетілдіруде әріптестікті ұйымдастыру;
- Нарықтық шаруашылыққа бейімделген құрылымдық-инвестициялық қайта құру;
- Көпшілікті қызықтыратын, перспективалық жобаларды іске асыратын өндірістік кооперация;
- Инвесторларды тәуекелден қорғау (гарантиялар, сақтандыру, залог және т.б.);
- Нарықтық экономикаға сай кадрларды дайындау жұмысының тиімділігін арттыру және т.б.

Мемлекеттік инвестициялық саясат бірінші кезекте, дайындалуын неғұрлым жоғары дәрежедегі, импорттық тауарлармен бәсекеге түсуге және оларды ішкі рыноктан ығыстыруға қабілетті өнімдерді экспорттауға бағдарланған өндірісті дамытуға және қолдауға бағытталатын болады.

Белсенді мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қолдаудың арнаулы ұйымдастыру нысандарын құру қажет. Мемлекеттік инвестициялар жүйесін неғұрлым ұтымды құру үшін жұмыс істеп тұрған Ұлттық қормен қатар даму бюджеті, мемлекеттік қаржы институттарын дамыту талап етіледі

Мемлекеттік шығыстар ағымдағы және күрделі деп бөлінуге тиіс. Бұл үшін республикалық бюджетте дербес бөлім – инвестициялық жобаларды кредиттеуге, инвестициялауға және кепілдікті қамтамасыз етуге арналған даму бюджеті болуы қажет.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру қаржы ресурстарының жеткілікті болуына байланысты болғандықтан, инвестицияның қажетті көлемін қамтамасыз етуге бюджеттің мүмкіндігі туралы мәселе өткір қойылады.

Қалыптасып отырған жағдайда ашық емес және тиімді емес Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасынан бас тарту жолымен мемлекеттік инвестициялық саясатқа өзгерістер енгізу және даму бюджетін құра отырып, бюджетті ағымдағы және күрделі деп бөлуге көшу қажеттігі пісіп жетілді.

Даму бюджетін құру және оған мемлекеттік инвестицияларды жүзеге асыруға арналған барлық ықтимал ресурстарды шоғырландыру мемлекеттік инвестициялаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Даму бюджетінің қаражаттары жеңілдікті сыртқы заемдардың, инвестициялық мақсаттар үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен ішкі қарыз алудың, мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен табыстардың, салықтық табыстардың бір бөлігі есебінен қалыптастырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджетті ағымдағы және инвестициялық деп бөлу салықтардың бір бөлігін инвестициялық мақсаттарға пайдалану тұрғысынан маңызды, түптеп келгенде ол, салықтық түсімдердің артуына алып келеді.

Аймақтық дамудың инвестициялық ресурстармен қамсыздандырылуын және оларды пайдалану тиімділігін дәлірек бағалау үшін аймақтық ұдайы өндіріс процесіне тартылған инвестициялар және алынған әлеуметтік-экономикалық нәтижелердің қатынасына негізделген әдістеме ең қолайлырақ болып келеді.

Еліміздегі 2015 жылғы капиталға салынған инвестициялар 7 024 690,9 млн теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 3,7%-ға өскен. Оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар 3 819 506,4 млн теңге, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар 2 127 072,8 млн теңге, ал негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар 1 078 111,7 млн теңгені құраған. Бұл крсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда өскен.

Инвестициялық потенциалды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету шарттарына келесілерді жатқызуға болады:

- Инвестицияларды қаржыландырудың барлық мүмкін көздерін максималды пайдалану;
- Территориялық шаруашылықтың перспективті дамуының инвестициялық стратегиясын және басым бағыттарын дұрыс таңдау;
- Инвестициялық ағындардың үйлесімді құрылымы;
- Тиімді қызмет ететін құю механизмдері (мемлекеттік және нарықтық) негізінде инвестициялық ресурстарды тиімді бөлінуін қамтамасыз ететін өлшенген аймақтық саясаттың болуы;
- Территорияның ішкі және сыртқы қарыздарын басқару бойынша тиімді аймақтық менеджмент;
- Инвестициялық ресурстарды мақсатсыз жұмсауға тосқауыл болатын сенімді құралдарды қолдану.

Кесте 1- Шығындардың түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялардың игерілгені		соның ішінде					
			шағын кәсіпорындар бойынша		орта кәсіпорындар бойынша		ірі кәсіпорындар бойынша	
	мың теңге	2014 ж. %-бен	мың теңге	2014 ж. %-бен	мың теңге	2014 ж. %-бен	мың теңге	2014 ж. %-бен
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	7 024 690 936	103,7	3 136 162 674	107,8	522 425 561	96,3	3 366 102 701	101,3
соның ішінде:								
Ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстары	3 819 506 480	101,4	2 133 844 790	101,9	241 429 994	113,0	1 444 231 696	98,9
олардан:								
Құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар	3 627 659 443	102,8	2 059 798 444	102,9	228 719 436	118,5	1 339 141 563	100,5
Машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар	2 127 072 788	110,2	816 646 633	143,1	212 350 728	87,9	1 098 075 427	98,3
Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар	1 078 111 668	99,8	185 671 251	76,4	68 644 839	78,9	823 795 578	109,7

Территорияның инвестициялық ресурстарын тиімді пайдалануын толығырақ сипаттау үшін көрсеткіштер жүйесін қалыптастыруға болады:


- өндіріс және алынған табыс көлемдерінің өсімі;

- ел экономикасына салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі аймақ үлесі;
- инвестициялар көлемінің өсу индексі;
- инвестициялардың салалық, ұдайы өндірістік, технологиялық құрылымдарының динамикасы;
- қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар құрылымы;
- үй құрылысы, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениетке бағытталған инвестициялар үлесі;
- табиғи қорғау шараларына және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған инвестициялар үлесі.

Инвестициялық потенциалды пайдаланудың тиімділігін бағалау аймақтарды мемлекеттік қолдау схемасын құру үшін өте маңызды. Әлеуметтік және экономикалық жағынан әлсіз аймақтарды қолдаудың барлық мемлекеттік құралдары негізгі аймақ аралық сәйкессіздіктерді жою және өзінің табиғи, ресурстық, экономикалық, әлеуметтік потенциалдары бойынша әрқелкі аймақтарда тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін бағытталуы тиіс. Өлшенген аймақтық мемлекет саясаты және оны жүзеге асыру механизмімен қамтамасыз етілетін аймақтар үшін тепе-теңдік шарттар келесіде көрініс табады:

- әртүрлі аймақтардың ұқсас сегменттерінде қызмет ететін капитал бірдей табысқа ие болуға тиіс;
- әр түрлі аймақ тұрғындары өмір сүрудің бірдей жағдайларына ие болуы және тепе-тең табысқа ие болуға тиіс;
- аймақтық бюджеттер өз шығындарын қаржыландыру үшін ұқсас мүмкіндіктерге ие болуы тиіс.

Аймақтың инвестициялық потенциалын пайдалану тиімділігін бағалаудың жалпы әдістемелерінің ішінде нақты территорияда жеке инвестициялық жобалар тиімділігін бағалау әдістемесі ерекше орын алады. Нарықтық жағдайда инвестицияларды қаржыландыру көзіне (ішкі және сыртқы) тәуелсіз оларды бөлудің негізгі өлшемі болып пайдалану тиімділігі табылады. Бұл өлшемнің міндеттілігі: инвестициялардың ішкі ресурстық базасының шектеулілігімен, қарыз қаражаттарын тарту және тиімді пайдаланудағы белгілі бір қиыншылықтармен, инвестициялық жобаларды адресті несиелеу қажеттілігінен туындап отыр. Мұның барлығы территорияны басқару органдарын инвестициялық жобаларды мақсаттылық, оларды жүзеге асырудың коммерциялық және әлеуметтік-экономикалық тиімділігі, өмір сүру қабілеттілігі, экономикалық және экологиялық қауіпсіздігі, салымдардың тәуекелін минимизациялау негізінде таңдау жүргізу қажеттілігін туындатады.



Қазақстан республикасының Үкіметі басты назарды инвестицияның сапасына бөлу қажет деп санайды. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды шарты болып республикадағы соңғы жылдардағы жоғарғы инвестициялық белсенділік көрсетіледі.

Елімізде минералды шикізаттар ресурстарына бай аймақтарда капиталды қажет ететін кен өндіру, қайта өңдеу кәсіпорындарына базисті ресурстар жинайтын жаңа ережені енгізуде ыңғайлы жағдайлар жасалды. Ресурс жинайтын технологияны өнеркәсіптік базалық саласына енгізу ғылымды қажет ететін өнеркәсіпті және қоғары технологияны инвестициялаудың сапалы негізін құрды.

Инвестициялар өндірістік аппаратты жаңартып қайта құрып, жаңа өндіріс пен кәсіпорындардың құрылуын қамтамасыз етеді. Сол себепті шетел капиталын ынталандыру және қолдану қазіргі кезеңнің инвестициялық процестің заңды басымдылығы болып табылады.

Нәтижесінде шетел инвестициясын мақсатты бағытталған әсері Қазақстанда құрылымдық саясат экономикалық, энергетикалық және азық-түлік, көлік саясатын қамтамасыз етуге, сонымен қатар минералды шикізат

ресурстарын пайдаланумен байланысты тау-кен өнеркәсібінің стратегиялық маңызды саласының жылдам дамуына бағытталды. Бай минералды шикізат ресурстарын қолданумен байланысты өнеркәсіптің құрылымы жақсарды.

Қазіргі таңда өндіріс пен қызмет көрсетулер сфераларының дамуында және оларды инвестициялауда әлі де көптеген кемшіліктер байқалады. Әрбір қызмет көрсету сфераларында, әрбір кәсіпорында инвестициялық қиындықтарды жеңу құралдары мен жаңа жолдарды іздеу және қаржылай ресурстармен қамтамасыз етілуі қажет. Әлеуметтік-мәдени салаларда бұл мәселелерді шешу бюджет есебінен қаржыландыру үлесінің өсуімен және қайырымдылықпен байланысты.

Әдебиеттер

1 Методические рекомендации по оценке эффективности инвестиционных проектов: Официальное издание. – Москва Экономика 2014г

2 Нәдірбек Әпсәләмов, Қазықан Исабеков, Өмірзақ Сұлтанов “Экономикалық теория негіздері” Алматы ғылым 2013 жыл. 479-492б

3 Нурланова. Н.К. “Инвестиционная ситуация в Казахстане и перспективы ее позитивных сдвигов” //Европейское сообщество. М 3. 2010 г,

4 Ковалев В.В. Финансовый анализ: Управление капиталом. Выбор инвестиций. Анализ отчетности. — М.: Финансы и статистика, 2013.

5 Финансовый менеджмент: теория и практика: Учебник /под. ред. Е.С. Стояновой. — М.: изд-во «Перспектива», 2010.

6 Чечета А.П. Анализ финансового состояния предприятия. /Бухгалтерский учет. 2011 г., №5.

ПАТРИОТИЗМ - ПОДГОТОВКА ИНЖЕНЕРНЫХ КАДРОВ НОВОЙ ФОРМАЦИИ

Алысбаева Н.А., Кошеббаева Г.К., Джакупова Д.Е.

Карагандинский государственный технический университет

г. Караганда, Республика Казахстан

E-mail: dinara_jakupova@mail.ru

Патриотическое воспитание молодежи в настоящее время является одной из главных составляющих приоритетов будущего развития Казахстана. Патриотизм непосредственно связан с национальной идеей Мәңгілік Ел, источником исторического оптимизма. Президент Казахстана Н.А. Назарбаев отмечал, что «Мәңгілік Ел» - это стремление дать народу представление о том, что мы не сегодня возникли, показать глубину национальной истории. Это и есть основа Великой степи и Вечной Родины Мәңгілік Ел».

Важной задачей нашего общества является формирование нации единого будущего. В современном глобальном мире с его многочисленными вызовами и